



## МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН БАРАДЫ

22-23 тамыз күндері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Әмомали Рахмонның шақыруымен Тәжікстан Республикасына мемлекеттік сапармен барады.

Сапар аясында шағын құрамда және екі ел үкіметтері делегацияларының қатысуымен жоғары деңгейде келіссөздер өтеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Президент Әмомали Рахмон Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы стратегиялық серіктестіктің қазіргі жай-күйі мен даму перспективасын талқыланды.

Сондай-ақ екі елдің саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастығын нығайтуды көздейтін бірқатар құжатқа қол қойылады деп жоспарланып отыр.

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

### АЭС: ТАЛДЫҚОРҒАНДА ЖАРИЯ ТАЛҚЫЛАУ ӨТТІ



4 >>

### БАЛАСАҒҰН: КӨШКЕН ДӘУІР БОЯУЫ



5 >>



ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН ТАҒЫ БІР САЛАДА ӘДІЛЕТТІЛІКТІ ҚАЛПЫНА КЕЛТПІРУ МҮМКІН. ӘНГІМЕ КЕДЕН ОРГАНЫНА ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ҚАЙТАРУ ЖӨНІНДЕ. «БИЗНЕСКЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫСЫМЫН ТӨМЕНДЕТУ МАҢЫЗДЫ», «ЕЛДЕГІ ГЕНЕРАЛДАР САНЫН АЗАЙТУ ҚАЖЕТ» ДЕГЕН ҰРАНДАР САЛДАРЫНАН КЕДЕНШІЛЕР 2014 ЖЫЛЫ ПОҒОНДАРЫНАН АЙЫРЫЛДЫ. САРАПШЫЛАРДЫҢ ПІКІРІНШЕ, ЖЕКЕ ҚҰРЫЛЫМ РЕТІНДЕ КЕДЕН ОРГАНЫН ЖОЮ АҚЫРЫ КЕДЕНДІК ШЕКАРАНЫҢ ІШІНАРА МЕМЛЕКЕТ БАҚЫЛАУЫНСЫЗ ҚАЛУЫНА СОҚТЫРДЫ. ҮКІМЕТ КЕДЕНШІЛЕРДІ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫЛАР ҚАТАРЫНА ОРАЛТУ МӘСЕЛЕСІН ПЫСЫҚТАП ЖАТЫР.

## ҚҰЗЫРЕТ ЖОҚ, ҚҰРМЕТ ЖОҚ, КЕДЕН КЕДЕН БОЛА МА?

### АЗАТТЫҚТЫҢ ҚАРЛЫҒАШЫ ЕДІ

Екіншісі біле бермес, кеден қызметі – Қазақстан тәуелсіздігін жариялағанға дейін құрылған мемлекеттік мекемелердің жолашары, егемендіктің алғашқы бір қарлығы болатын. Жоғарғы кеңес 1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңын қабылдады. Ал одан төрт күн бұрын, Қазақстан Президентінің 1991 жылғы 12 желтоқсандағы Жарлығымен Кеден комитеті құрылды. Себебі саясаттану оқулықтарында жазылғандай, кез келген азат мемлекеттің кеден қызметі – елдің тәуелсіздігі мен мемлекеттілігінің басты, бұлжымас атрибуттарының бірі, сондай-ақ оның мемлекеттің бүкіл аумағына саяси және экономикалық егемендігін бекіткенінің белгісі. Өйткені әлемде кейбір кеден бекеттерін бақылауда ұстамайтын мемлекеттер бар, бұл оның төл территориясына тегіс билігі жүрмейтінін білдіреді.

Сондықтан Қазақстан Тәуелсіздікке қол жеткізе салысымен, Парламент осы қызметке арнап, жеке заң да қабылдады. 1991 жылғы 24 желтоқсанда өмірге жолдама алған «Кедендік тариф пен баж туралы» заңы тәуелсіз республиканың сыртқы экономикалық қызметін мемлекеттің реттейтін мекеме жұмысының заңнамалық тұғырын түзді.

Мемлекеттік шекараны кесіп өтетін қазақстандықтар мен шетелдіктерге бірінші ұшырасатын мемлекеттің адамы – кеденшілер. Мемлекеттің экономикалық қуаты да бірінші кезекте кеден қызметінің қаншалықты озық жаратқанынан көрінеді. 2013 жылға дейін бүкіл әлемдегі сияқты Қазақстанның кеден органдары да құқық қорғау органдарының функцияларын атқарды. Алайда 2012-2014 жылдары салада реформа жүргізілді.

(Жалғасы 4-бетте)

## Жәрмеңке – мектепке дайындық жәрдемшісі



Астана қаласында білім басқармасының ұйымдастыруымен «Мектепке жол» республикалық акциясы өтіп жатыр. 1 тамызда басталған мектеп жәрмеңкесі елорданың барлық ауданында ұйымдастырылуда. Акция аясында EXPO Халықаралық көрме орталығының алаңында жаңа оқу жылы қарсаңында биыл үшінші мәрте «KIDS EXPO. БАЛАЛАР ӘЛЕМІ» мектеп тауарлары жәрмеңкесі өтті.

«KIDS EXPO. Балалар әлемі» балалар тауарлары мен қызметтерінің астаналық жәрмеңкесі – елорда тұрғындары мен қонақтары жана оқу жылына қажеттінің бәрін сатып ала алатын тауарлар мен қызметтер нарығының көшбасшыларын біріктіретін бірегей алаң. Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен QazExpoCongress ҰҚ АҚ ұйымдастырған жәрмеңкеге қатысуға барлығы 70-тен астам кәсіпкер ниет білдірген. Олар мектепке қажет құрал-жабдық пен киім-кешекті нарықтан біршама арзан бағада ұсынды. QazExpoCongress ұлттық компаниясы басқарма төрағасының бірінші орынбасары Дәулет Еркімбаевтың айтуынша, сатылымға қойылған тауарлар құны нарықтан 5-15 пайызға төмен.

(Жалғасы 6-бетте)

### Аяз ЖЫЛҚЫБАЕВ,

Көкпар федерациясының атқарушы директоры:

## Ұлттық құраманың РУХЫ МЫҚТЫ

ДҮНИЕЖҰЗЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНДА КӨКПАР МЕН КӨК БӨРІ ОЙЫНДАРЫНА БАСА НАЗАР АУДАРЫЛЫП ОТЫР. БҮЛ – ТЕК ҚАЗАҚҚА ҒАНА ТӘН ЕМЕС, БҮКІЛ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ КӨШПЕНДІЛЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫ. СОЛАРДЫҢ ІШІНДЕ ӨЗБЕК, ҚЫРҒЫЗ ХАЛЫҚТАРЫНДА КӨКПАР ЕРЕКШЕ САҚТАЛЫП, ТАРИХИ МӘНІН ЖОҒАЛТПАҒАН. СОНДЫҚТАН ОСЫ ЕКІ ЕЛ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН БАСТЫ ҚАРСЫЛАСТЫҢ БІРІ БОЛМАҚ. КӨКПАР ЖӘНЕ КӨК БӨРІ ОЙЫНЫ БОЙЫНША САЙЫСҚА ҚАТЫСАТЫН СПОРТШЫЛАР ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЙІНДАРЫН АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА ӨТКІЗДІ.

8 >>





## СӘТБАЕВ ТОЙЫ – ЕЛДІКТІҢ ТОЙЫ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойына арналған салтанатты іс-шараға қатысты. Ғұлама ғалым, академиктің мерейтойы туған жері Баянауыл ауданында кең ауқымда атап өтілуде.

Мәжіліс Спикері салтанатты жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді.

— Қаныш Сәтбаев — қазіргі заманғы қазақ ғылымының атасы. Ол Ұлттық ғылым академиясының негізін қалады, білікті ғалымдардың тұтас буынын тәрбиелеп шығарды, жаңа зерттеу жүйесін қалыптастырды. Сондықтан Ғылым қызметкерлері күні оның туған күніне орайластырылған. Халқымыздың біртұар перзенті көптеген кен орнын ашып, өндірістің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Еліміз әлі күнге дейін оның еңбектерінің игіліктерін көріп отыр. Сәтбаев мұрасы ұлтымыздың теңдессіз қазынасы саналады. Оның еңбегін жан-жақты дәріптеу — ортақ парыз. Болашақта Сәтбаев салған сара жол жалғасып, қазақ ғылымы қарқынды дами беріп деп сенемін, — делінген Мемлекет басшысының құттықтауында.

Сонымен қатар Ерлан Қошанов биыл қасиетті Ертис-Баян өңірі мерекесіне толы екенін атап өтті.

— Қаныш Сәтбаевтан бөлек, қазақтың көрнекті жазушысы, Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл толып отыр. Сондай-ақ қазақ археологиясының атасы, көрнекті қайраткер Әлкей Марғұланның туғанына — 120 жыл. Қазақ киносының санлағы Шәкен Аймановтың 110 жылдығы. Ал бүгінгі Сәтбаев тойы — елдіктің тойы, бірліктің тойы. Ілім мен ғылымның мерекесі, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Мерейтой аясында Баянауыл ауданы Мойылды шатқалында Қ.Сәтбаев этноауылы бой көтеріп, республикалық ақындар айтысы, ұлттық спорт түрлері — көкпар, бөйге мен қазақ күресінен жарыс өтті. Өңірде «Академик Қ.Сәтбаев феномені: кеше мен бүгін» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылып, естелік кітаптың тұсаукесері болды.

## ҰЛЫТАУДА МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР АЛАҢЫ АШЫЛАДЫ

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Ерболат Сатыбалдин Ұлытау ауылы Әулиетау тауының баурайындағы Мемлекеттік рәміздер алаңының құрылыс жұмысымен танысты.



2022 жылы маусымда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысында қазақ халқының бірлігін әйгілейтін сәулетті нысан — Мемлекеттік рәміздер алаңын ашуды тапсырды. Бүгінде нысан құрылысының 85%-ға жуығы аяқталған. Алаңда Қазақстан тарихының әртүрлі кезеңін бейнелейтін барельефтер, жаяу жүргінші жолдары салынды. Нысанның жалпы аумағы 3 гектарды құрайды. Қазірде көгалдандыру және жарықтандыру жұмысы жүргізілуде.

— Ұлытау топырағы — Ұлы дала тарихының күегері, ұлттымыздың рухани астанасы. Дәл осы жерде 1730 жылы жонғарларға қарсы үш жүздің жасағы жиналды. Жыл сайын мұндағы киелі орындарға 40 мыңға жуық мейман келеді. Ұлытау ауданында 600-ден астам ескерткіш бар. Сондықтан туризмді дамыту — «AMANAT» партиясы Ұлытау облыстық сайлауалды бағдарламасындағы негізгі басымдықтардың бірі. Қонақүй, санаторий салу, жолдарды жаңғырту жөніндегі кешенді іс-шаралар 2028 жылға қарай жыл сайынғы туристер санын 30%-ға арттыруға мүмкіндік береді, — деді Ерболат Сатыбалдин.

Мәселен, 2027 жылға қарай Әулиетау шыңына апаратын жол салынады. Ұлытау ауданының Күмісбұлақ және Тасбұлақ бұлақтарының аумағы абаттандырылады, «Сәтбаев-Малшыбай» автомобиль жолы, «Жошы хан» кесенесі, Домбауыл қорымы қайта жаңартылады.

Осы күні Ерболат Сатыбалдин азаматтарды қабылдады. Ұлытаулықтар депутатқа: инфрақұрылымның жай-күйі, әлеуметтік төлемдер мөлшерін арттыру, сондай-ақ денсаулық сақтау және білім беру мәселелері бойынша жүгінді. Атап айтқанда, Ұлытау ауылының бірнеше тұрғыны ісін жаңадан бастаған шаруаларға мемлекет тарапынан ұсынылатын жеңілдетілген несиені қалай алуға болатынын сұрады. Мәжілісмен жауап ретінде «AMANAT» партиясының «Ауыл аманаты» жобасы туралы ақпаратпен бөлісті.

— Ауыл тұрғындарына 5-7 жыл мерзімге жылдық мөлшерлемесі 2,5 пайызды құрайтын шағын несие беріледі. Азаматтар 8,6 млн теңгеге дейін несие ала алады. Осылайша, шаруа жеке кәсібін аша отырып, қарыздан құтылып қана қоймай, әл-ауқатын да едәуір жақсарта алады. Президент былтыр Қазақстан халқына Жолдауында «Ауыл аманаты» жобасының маңызын атап өтіп, жеке қосалқы шаруашылықтар кооперациясын ынталандыруды тапсырды. Жобаны жүзеге асыру жұмысы басталғаннан бері Ұлытау облысында жалпы сомасы 3 млрд теңгені құрайтын 380-нен астам жоба мақұлданды. Қаражаттың басым бөлігі мал шаруашылығын дамытуға бағытталды. Ұлытау ауылының көп тұрғыны жеңілдетілген несие алды. Азаматтарды жобаға белсенді қатысуға шақырамын, — деді Ерболат Сатыбалдин.

## АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ӨМІР СҮРУ САПАСЫН АРТТЫРУ — МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ



Сенат депутаты Нұртөре Жүсіп Түркістан облысы Сауран ауданына қарасты Теке ауылының тұрғындарымен кездесті. Онда медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту, таза ауызсумен қамтамасыз ету, заманауи мектеп салу және интернетке қолжетімділік мәселелері талқыланды.

Сенатор өз сөзінде өңірлерді дамытуға, әлеуметтік кепілдіктерді жетілдіруге, өмір сүру сапасын арттыруға және азаматтар мен олардың отбасыларының мүдделерін қорғауға арналған заңдардың маңызы туралы айтты. Сондай-ақ ол өзекті мәселелерді талқылап, оларға қатысты пікір білдіруге мүмкіндік беретін алаңдар құру арқылы мемлекет маңызды әлеуметтік шешімдер қабылдау ісіне азаматтарды белсенді жұмылдыруға үлкен көңіл бөліп отырғанын тілге тиек етті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың әл-ауқатын арттыруға, өңірлерді дамытуға және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға үнемі баса мән беріп келеді. Бұл ретте Ауылдық аумақтар-

ды дамыту тұжырымдамасының қабылдануы маңызды қадам болғаны анық. Оның басты мақсаты — жергілікті жерлерде инфрақұрылымды дамыту, сапалы қызмет көрсету, басқару ісіне тұрғындарды тарту арқылы ауылда өмір сүруге жайлы жағдай жасау. Таза ауызсуға, жоғары жылдамдықты интернетке, инженерлік және көлік жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз етіп, инфрақұрылымның сапасын жақсартумен бірге өзін-өзі қамтамасыз ететін экономика қалыптастыру мәселесі де басты назарда. Ауыл тұрғындары үшін мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімді болуы, лайықты жұмыс орындарын құру және табыс деңгейін арттыру бағыттары да маңызды міндеттердің қатарында», — деді Нұртөре Жүсіп.

Өз кезегінде ауыл тұрғындары Мемлекет басшысының өңірлерді дамытуға және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға арналған бастамаларына қолдау білдірді. Сондай-ақ олар «Ауыл — ел бесігі» сияқты бағдарламалардың іске асырылуы салаға тың серпін бергеніне назар аударып, бұл бағыттағы жұмысты одан әрі жалғастырудың берері мол екенін айтты.

## БИЗНЕСТІ ДАМУДЫҢ КЕШЕНДІ БАҒДАРЛАМАСЫ ӘЗІРЛЕНДІ

Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында қойған тапсырмасын орындау мақсатында Үкімет «Бизнестің жол картасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларын біріктірген Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуға арналған кешенді бағдарламаны әзірлеп, қабылдады.

Кәсіпкерлікті дамыту саласында мемлекет жүргізіп отырған саясаттың қазіргі күн тәртібі мен мықты, бәсекеге қабілетті кәсіпорындар құру қажеттігін ескере отырып, жаңа бағдарлама аясында тиімді жобаларға қолдау көрсету көзделген. Сонымен қатар жаңа жобаларды субсидиялау үшін бюджетті бөлу негізінен өңдеу өнеркәсібі саласындағы (шамамен 50%) кәсіпорындар арасында жүзеге асырылады.

Сондай-ақ бюджетке түсетін жүктемені азайту үшін қызмет көрсету саласындағы жобаларды субсидиялау мерзімі 5 жылдан 3 жылға дейін қысқартылды. ШОБ жобаларын субсидиялаудың сараланған әдісі қарастырылған, бұл кезең-кезеңімен нарықтық жағдайларға көшіруді көздейді. Субсидиялауға жататын жекелеген қызмет салалары оңтайландырылды.

Несилер бойынша кепілдік беру құралы кеңейтілді, атап айтқанда, кепілдіктер сомалары ұлғайтылды, бизнес субъектілеріне 1 млрд теңгеден асатын

несие сомаларына нарықтық шарттар бойынша кепілдік алу мүмкіндігі берілді.

Бұған қоса, бағдарламада мемлекеттік қолдаудың баламалы құралы ретінде синдикатталған несие беру қарастырылған, ол бір мезгілде бірнеше банк арқылы 15 млрд теңгеге дейін ірі жобаларды қаржыландыруды көздейді.

Сондай-ақ облигациялық қарыздар беру шарттары едәуір кеңейтілді. Мәселен, эмитент-кәсіпкер облигация шығару кезінде купондық сыйақы мөлшерлемесіне субсидия алып, 5 жыл мерзімге дейін 6% мөлшерлеменен 5 млрд теңгеге дейін қаржы тарта алады.

Биылғы 6 айда жаңартылған бағдарлама аясында субсидиялар мен кепілдіктер түріндегі қолдау шараларымен Қазақстанда шамамен 14 мың бизнес жобасы қамтылды: субсидиялау бойынша — 566 млрд теңгеге 8 624 жоба, кепілдік беру бойынша — 178,9 млрд теңгеге 5 381 жоба.

Жақын арада өндірістің технологиялық күрделілігіне қарай мемлекеттік қолдаудың сараланған тетіктерін енгізу жоспарлануда. Жоғары технологиялық дайын өнім шығаратын кәсіпкерлер үшін қолдау шаралары ұзақ мерзімге арзандатылған несие беруді қамтитын болады.

Аталған тетіктер бизнесті мақсатты әрі тиімді қолдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл, өз кезегінде, тұрақты экономикалық өсімге және еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.



# БІЛІМ САПАСЫ – ПАРТИЯ НАЗАРЫНДА

**«AMANAT» партиясы жанындағы Білім беру мен денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысы өтті. Онда Президенттің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру аясында еліміздегі білім сапасын жақсарту, партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы шеңберінде жаңа оқушы орындарын құру сынды маңызды мәселелер талқыланды.**

Сондай-ақ жиынға қатысушылар су тасқыны болған өңірлердегі білім беру нысандарының жай-күйін, апатқа байланысты сабақтан қалып қойған оқушылардың білім сапасын жақсарту, әлеуметтік осал топ санатындағы отбасыларда тәрбиеленетін балаларды мектеп формасымен, оқу құралдарымен камтамасыз ету мәселелерін назарға алды.

Іс-шараға Мәжіліс депутаттары, орталық мемлекеттік органдардың өкілдері және бейнеконференц-байланыс арқылы өңірлік кеңес мүшелері мен білім басқармаларының қызметкерлері қатысты.

Сөз басында Мәжіліс депутаты, Кеңес төрағасы Жұлдыз Сүлейменова Президент пен партияның сайлауалды бағдарламаларын жүйелі жүзеге асырудың мәні мен маңызына тоқталды.

«Сапалы білім еліміздің әрбір тұрғыны үшін қолжетімді болуға тиіс. Бұл бағытта «AMANAT» партиясы орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп ауқымды жұмыс



атқарып келеді. Басты мақсат – инфрақұрылым мен білім беру мазмұнына қатысты мәселерді шешу. Үш ауысымды және апатты жағдайдағы білім ошақтарына қатысты проблемаларға да жіті мән беріледі. Білім беру сапасын жақсарту шаралары да басты назарда. Ең бастысы, алға қойған жоспарлар сапалы әрі уақтылы орындалуы қажет», – деді ол.

Өз кезегінде, Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан білім беру саласына қатысты ел аумағында атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

«Бүгінде ел аумағында 7 859 мектеп бар. Оның 2 906-сы бір ауысымда, ал 4 847 мектеп – екі ауысымда, 106 мектеп – үш ауысымда жұмыс істеп тұр. Осы үш ауысымды мектеп, яғни орын тапшылығы мәселесін шешу мақсатында

2023 жылы ел аумағында 137 мың оқушыға арналған 165 мектеп пайдалануға берілді. Бұл жұмыс биыл да жалғасуда. 2024 жылы 536 мың оқушыға арналған 302 мектепті пайдалануға беру көзделіп отыр», – деді вице-министрі Еділ Оспан.

Вице-министрдің айтуынша, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының және жеке инвесторлардың есебінен 75 мың оқушыға арналған 85 мектепті пайдалануға беру жоспарлануда. Бүгінде 10 мектеп қолданысқа берілді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 461 мың оқушыға арналған 217 мектеп құрылысын жыл соңына дейін аяқтау көзделуде. Биыл 1 қыркүйекке дейін 118 мың оқушыға арналған 61 жаңа мектеп ашылады. Жалпы, 2023–2025 жылдар аралығында 1 млн жаңа оқушы

орнын енгізу жоспарланып отыр. Нәтижесінде, үш ауысымда білім беру мәселесі толық шешіледі деп күтілуде.

«Президенттің сайлауалды бағдарламасын іске асыру шеңберінде білім беру сапасын жақсарту бағытында ауқымды жұмыс атқарылуда. Биыл 1 қыркүйектен бастап еліміздегі 7,9 мың білім беру ұйымдарында 3,9 млн бала білім алады. Онда 360 мың бала 1-сыныпқа қабылданады. Сондай-ақ өңірлерде оқушыларды оқулықтармен камтамасыз ету деңгейі 90%-ды құрап отыр. 26 тамызға дейін барлық аймаққа оқулық толық жеткізіледі. Бұған қоса, білім алушыларды тегін тамақпен камтамасыз етуге қажет қаражат әкімдіктер тарапынан бөлінді. Биыл 1 қыркүйектен бастап 1,7 млн оқушы тегін тамақтанады», – деді вице-министр.

Сонымен қатар Еділ Оспан әлеуметтік осал топ санатындағы отбасыларда тәрбиеленетін 510 мың баланың мектепке дайындалуына көмек көрсетілетінін мәлімдеді. Осы мақсатта жергілікті бюджеттерден 22,6 млрд теңге қаражат қарастырылған. Бұған қоса, орта білім беру пәндерінің оқулықтары 100% электрондық форматқа өткен екен.

«Сондай-ақ биыл 1 383 робот техникасы, химия, биология, физика, STEM пәндері кабинеттерін сатып алу көзделуде. Өздеріңіз білетіндей, Президенттің сайлауалды бағдарламасы аясында жыл сайын 1 мың кабинетті жабықтау жоспарланған болатын. Мемлекет басшысының бұл тапсырмасы артығымен орындалып келеді. Бұл жұмысты жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен бөлек, кәсіпкерлер қауымы да атсалысуда», – деді ол.

Сондай-ақ шағын қалаларда, аудан орталықтарында және ауылдарда 7 бағыт бойынша кітапханаларды, асха-

наларды, жиһаздарды жанарту, күрделі жөндеу жүргізу және қауіпсіздік шараларын камтамасыз ету бағытында 1 мың мектепті жаңғырту жұмысы қолға алынуда.

«Биыл көктемгі су тасқыны кезінде еліміздегі 6 өңірде 40 білім беру нысанына зақым келді. Оның ішінде – 11 балабақша, 22 мектеп және 7 қосымша білім беру нысаны бар. Жергілікті атқарушы органдар білім беру инфрақұрылымдарын қалпына келтіру жұмысын жүйелі жүргізуде. Мәселен, Ақтөбе облысында су астында қалған 13 нысанның 8-інде күрделі және ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізіліп жатыр. Ал 5 ғимарат қалпына келтіруге келмейді. Бұл нысандарды қайта салу үшін Үкімет резервінен 6,2 млрд теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары басталды. Аталған білім беру ұйымдары 2025 жылы пайдалануға беріледі», – деді Еділ Оспан.

Айта кетейік, жаңа оқу жылы қарсаңында «AMANAT» партиясының «Баланы мектепке даярлайық!» жалпы-республикалық қайырымдылық акциясы бастау алды. Партияның «Бақытты отбасы» жобасы аясында қолға алынған дәстүрлі іс-шара 12–30 тамыз аралығында өтеді. Мұндағы басты мақсат – көпбалалы және аз қамтылған отбасылардағы балаларды жаңа оқу жылына дайындауға көмектесу.

Акцияға партияның Орталық аппараты мен аймақтық, аумақтық филиалдарының қызметкерлері, партия депутаттары мен белсенділері, бастауыш партия ұйымдарының мүшелері қатысады. Оның барысында балаларға мектеп формасы, жаңа оқу жылына қажет оқулықтар мен кеңсе тауарлары салынған рюкзактар ұсынылады. Биыл 15-ші мәрте ұйымдастырылғалы отырған акция аясында 45 мыңнан астам баланы жаңа оқу жылына даярлау жоспарлануда.

## ЕМХАНА ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСТІ

**Парламент Мәжілісіндегі «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Мархабат Жайымбетов Қызылордадағы №1 қалалық емхананың ұжымымен кездесті.**

Кездесуге партия филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов, партияның қалалық филиалының Атқарушы хатшысы

Гүлшат Мұсаева, Денсаулық сақтау басқармасы басшысының ана



мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары Мая Мирзанова қатысты.

Қоғамдағы тұғыры биік мамандықтар ұстаздар мен медицина саласы қызметкерлеріне тиесілі. Бүгінде ұстаздар қауымына ұстаз мәртебесі заңды тұрғыда іске асқаны мәлім. Кездесуде медицина саласы мамандары да дәрігер мәртебесін көтеруді ұсыныс ретінде жеткізді.

Депутатпен кездесуде емхананың бас дәрігері Венера Сансызбайқызы дәрілік өнімдерді уақытылы жеткізу мәселесін сөз етті.

«Дәрілік өнімдерді жеткізумен бүгінде «СК Формация» айналысады. Алайда науқастардан сөзді біз естиміз. Мысалы, біз 2025 жылға керекті дәрілер тізімін жасақтап, ұсыныс жібердік. Бірақ көп жағдайда ол ұсынысымыз шамамен келер жылдың ортасына қарай жеткізіледі. Оған

дейін науқастар тарапы дәріні уақтылы алмағандықтан бізге арызын білдіріп жатады», – деді емхананың бас дәрігері.

Жиын барысында «Даму мед» бағдарламасының мән-жайы, азаматтардың ай сайынғы төлейтін МӘМС мәселесі, емхана ғимаратының қуаттылығы да сөз болды.

– Мәселен, бүгінде 30 мыңнан аса халыққа қызмет ететін емхана ғимаратының қуаттылығы жетіспейді. Сондықтан жаңа ғимаратқа көшкен жағдайда ескі нысанды емхананың филиалы ретінде қалдырылса, жергілікті халыққа қолайлы болар еді, – дейді ұжым қызметкерлері.

Атап өтейік, денсаулық сақтау мекемесінің негізі 1975 жылы қаланған. Қазір онда 355 қызметкер еңбек етіп келеді. Олардың 66-сы – дәрігерлер, 212-сі – орта буын, 15-і – кіші буын қызметкерлері.

## ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН БІРЛЕСІП КҮРЕСЕДІ

**«AMANAT» партиясының Шымкент қалалық және Түркістан облыстық филиалдары жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестердің бірлескен жұмыс жиыны болып өтті.**



Жиында Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы аумақтық құрылымдарының жұмыс барысындағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу және жемқорлық тәуекелдерін азайту бойынша жүзеге асырылып жатқан жұмыстардың барысы қаралды.

«AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы Бауыржан Қуанышбеков бастаған жауапты тұлғалар мен Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбетәлиев Шымкент қаласы бойынша және Түркістан облысы бойынша филиалдарының жауапты өкілдері, партия филиалдарының қызметкерлері қатысты.

Жиын барысында Шымкент қаласындағы денсаулық сақтау ұйымдарын МӘМС жүйесіне қосу барысында атқарылып жатқан жұмыстар туралы қалалық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Нұрлыбек Асылбековтың баяндамасы тыңдалды.

Аумақтық партия филиалдары жанындағы қоғамдық кеңестердің бірлескен отырысын қортындылаған «AMANAT» партиясы Орталық аппараты Партиялық бақылау департаментінің инспекторы Венера Есілбаева жиынның күн тәртібінде қаралған мәселе өзекті екенін айта отырып, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАК аумақтық құрылымдарының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің маңыздылығын айтты. Медициналық қызметтерді сатып алу және медициналық қызметтерді сатып алу шартының талаптарын орындау мониторингін жүргізу қажет екеніне тоқталып, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бағытында нақтылы қадамдар жасалу керегіне баса назар аударды. Жиын қорытындысымен нақтылы тапсырмалар беріліп, олардың орындалуы қатаң қадағалауға алынатыны мәлімделді.

Дайындаған Бердібек ҚАБАЙ

## ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ТЕКСЕРДІ

**Тараз қаласындағы бірқатар көшеде жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Салдарынан жолдар жабылып, көлік қозғалысына кедергісін келтіріп жатыр. Осы орайда «AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес пен Партиялық бақылау комиссиясының мүшелері қала көшелеріне зерделеу жұмыстарын жүргізді.**

Топ мүшелері алдымен М-1 жылу магистралі қайта жаңғыртылып жатқан Төле би даңғылының Бектұрғанов пен Әйтиев көшелері аралығындағы

жұмыс барысын назарға алды. Бұл аралық 1300 метрді құрайтын болса, ондағы демонтаж жұмыстары 95 пайызға аяқталған. Құбырлар да толық

ғымен жеткізіліпті. Дегенмен Төле би даңғылының Абай даңғылымен қиылысының жабылуы көлік кептелісін тудырады. Сондықтан мердігер «Сарыағаш – Аман» ЖШС сол маңдағы жұмысты күшейткен. Аталған көше қиылысы 21 тамызға дейін ашылады.

Келесі кезекте комиссия мүшелері Пушкин көшесіне барды. Мұндағы жөндеу жұмыстары «Айя-Сервис» ЖШС жүргізуде. Бірнеше жылдан бері жөндеу

көрмеген көшенің Ф.Байтасов көшесі мен Абай даңғылының аралығы сүріліп, қайта салынууда. Яғни, бұл көшенің 2,8 шақырымы 1 метрге дейін кеңейтіліп, асфальт төселетін болады.

Комиссия мүшелері мердігер компания өкілдеріне тиісті жұмыстарды 1 қыркүйекке дейін толығымен сапалы аяқтау туралы ұсыныстарын жеткізді. Себебі жөндеу жұмыстары оқушылардың жүріп-тұруына кедергісін келтірмеуі тиіс.







# БАЛАСАҒҰН:

## КӨШКЕН ДӘУІР БОЯУЫ

ТАРИХТЫҢ АҚТАҢДАҚ БЕТТЕРІНДЕ АҚИҚАТЫ ӘЛІ КҮНГЕ АШЫЛМАҒАН ОРЫНДАР АЗ ЕМЕС. СОНДАЙ ЖЕРДІҢ БІРІ – ЕЖЕЛГІ БАЛАСАҒҰН ҚАЛАСЫ. КӨНЕ ҚАЛАШЫҚТЫҢ ОРНЫ МЕН ОНЫҢ ТАРИХЫ ҒАЛЫМДАР АРАСЫНДА БҮТІНГЕ ДЕЙІН ТҮРЛІ ПІКІРТАЛАС ТУДЫРУДА. СОНДА БАЛАСАҒҰН ҚАЛАСЫ ҚАЙ ДӘУІРДЕ ӨМІР СҮРДІ? ОНДА КІМДЕР ТҮРЫП, ҚАНДАЙ ТҮРМЫС КЕШТІ? ҚАЛА АТАУЫНЫҢ ӨЗІ НЕНІ БІЛДІРЕДІ? ЕСТЕ ЖОҚ ЕСКІ ЗАМАННАН ЖЕТКЕН ҚҰНДЫ ҚҰЖАТТАР МЕН ҒАЛЫМДАР БОЛЖАМЫ МЕН БАЙЛАМЫНА ЗЕР САЛЫП, ЗЕРДЕЛЕП КӨРСЕК...

### Саятхан САТЫЛҒАН

Жалпы, Баласағұн қаласы орта ғасырдағы түркі халықтарының ірі мәдени-тарихи орталығы болған. Өзінің мыңжылдықтардағы даму барысында көптеген шапқыншылық пен қақтығысты бастан өткізіп, әртүрлі қағанат пен мемлекеттің саяси ордасына айналған. Қала іргесі сонау Түріктер дәуірінде қаланғанымен, оның мәдени жаңғыруы мен өркендеуі Қарахандар заманында жоғары дәрежеге жеткен. Тарих тоқынында Баласағұн – түргештердің, қарлұқтардың, қарахандықтардың және қарақытайлардың астанасы болып, Жібек жолы бойындағы ірі қалалардың біріне баланды. Қай кезеңде болмасын қаланың мәдени және экономикалық дамуы билік құрып отырған мемлекеттің әл-ауқатымен тығыз байланысты болған.

Осы таңға дейін аталған қаланың орны мен атауы жөнінде ғалымдар түрлі болжам мен байламды алға тартты. Тарихшылардың бір шоғыры Баласағұн қаласының орны Қырғыз еліндегі Бурана қаласы десе, енді бір ғалымдар ол қаланың тарихтағы орны Баласағұнға сай келмейтінін айтты. Ал тарихты тереннен зерттеген ойшылдардың бір тобы қазіргі Шу ауданындағы Ақтөбе ауылының қасындағы көне қалашықты Баласағұн деп дәлелдеуде.

Ақтөбе қалашығында 30 жылдан астам археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген Уахит Шалекеновтің зерттеулеріне сүйенсек, ол осы манда Баласағұн қаласы бой көтергенін табылған құнды жәдігерлер айғақтауда. Тағы бір айта кетерлігі, қалашық ерте ортағасырлық дәуірлерден бастап барлық шығыс және батыс деректерінде кенінен жазылып калған. Қала жайлы алғашқы дерек Қытай елінің саяхатшысы Цзя Данының «Төрт бағыттағы жол туралы естеліктер» атты көне жазбасында сақталған. Онда: «Тау аңғарын жағалап біраз жүргенде Суйаб өзені жазыққа шығар аузына жетеді, осы ардан 80 ли жерде Пэйлоцзянцзюнь (Баласағұн) қаласы бар» деп суреттейді. Бұл Баласағұн қа-

ласының Пэйлоцзянцзюнь атауымен Қытай жазбаларында бірінші рет кездесуі болатын. Мұндағы алдыңғы «Пэйло» сөзі «Бала» сөзінің қытай тіліндегі дыбыстық аудармасы, ал «Сағұн» – мансап аты. Яғни, «Цзянцзюнь» сөзінің дыбыстық аудармасы «Қолбасы» дегенді білдіреді.

Ал бұдан көне деректі ортағасырлық ғалым М. Қашқари береді. Ол өзінің «Түркі сөздігі» атты еңбегінде Баласағұн жайлы кең хикаятты жазып қалдырған. Аталған кітабында түріктердің Шу хаканы жайлы айта отырып: «Зұлқарнайын Самарқандтан асып, түрік қалаларына қарай беттеген кезде түріктердің Шу есімді бір жас хаканы болған екен. Ол үлкен қосынның иесі еді. Шу қаласын Шу хакан басып алып, Баласағұнды өзі салдырған. Баласағұндағы сарайының алдында күн сайын бектер мәртебесіне үш жүз алпыс бес рет дабыл қағылып тұрған...», – дейді ғалым еңбегінде.

Осы дерекке қарап отырсақ көне Баласағұн қаласы б.д.д 300-ші жылдары өмір сүрген деген байлам жасауға болады. Шыңғыс хан дәуірі кезінде қаланың өз дәрежесінде дамып, гүлденіп тұрғаны айтылады. Шыңғыс ханның бас біткішісі және жұлдызнамашысы болған ұлты қидан, қара көк хан тұқымынан шыққан Елюй Чуцайдың Шыңғыс ханмен бірге Орталық Азияға жасалған жорыққа қатысып, көрген-білгендерін жазған «Батысқа саяхат естелігі» дерекнамасында: «Батысқа қарай жүргенде Иле деген үлкен дария бар. Дарияның батыс жағында Хусьволудо (Баласағұн) деп аталатын қала бар. Бұл қала бұрын батыс Ляо мемлекетінің астанасы болатын. Қаланың айналасында неше ондаған қала мен кент орналасқан. Одан батысқа қарай жүргенде неше жүз ли жерде Тараз қаласы бар», – деген жазбасы өткен күннен құнды мағлұмат беріп тұр. Қытай жазбасында Баласағұнның «Хусьволудо» деп жазылуы сол дәуірдегі қаланың атауының өзгергенін білдірсе керек. Бұл сөз – «Хус (Құз)» – «Орда» деген атауының қытайша айтылуы болатын.

Баласағұн мен оның жанындағы Арғу шаһарларында тұратын халықтар тілінде «үлүш» сөзін «шаһар» дейді. Содан барып Баласағұн шаһарын «Құз үлүш»



деп атаған. Орду – Баласағұнға жақын қала. Баласағұнды да «Құз орду – Құз орда» дейді. Осылайша, тарих Баласағұнның екінші атауының болғанын дәлелдей келе ертеректе көне шаһар «Баласағұн» емес, «Құз орда» деп аталғанын нақтылай түседі. Бұл кезеңде қала гүлденіп, қарахандықтардың ұлы ордасына айналып тұрғандықтан, ел оны «Құз орда» деп атаған. Бірақ, бір өкініштісі қала 100 жылдан кейін өзінің өмір сүруін тоқтатып, моңғолдардың шапқыншылығынан күйреп, қирағаны белгілі.

1263 жылы Мөңкенең жарлығы бойынша Қарақорымнан аттанып хан інісі Құлағу ханға кездесіп қайту үшін Батыс Азияға жолға шыққан Лю Юй мен Чан Дэ атты елшілердің «Батысқа елшілік сапардан естеліктер» атты еңбегінде: «Ақпанның 24 жұлдызында екі таудың ортасынан өткеннен кейін кең жазықтың шетіне ілікті. Мұнда халық өте тығыз қоныстанған. Біз сапар үстінде бұл маңнан егістік жерлерді, айқыш-ұйқыш қазылған арықтар мен тоғандарды, құлталқаны шығып күйреп жатқан ескі қалалардың қирандысын жиі кездестіре бастадық. Ондағы жергілікті тұрғындардан кей жайларды сұрастырғанымызда олар бұл жер бұрынғы қидандардың ескі жұрты екенін айтты», – деп жазады елшілер естеліктерінде. «Қидандардың ескі жұрты» деп тұрғаны астанасы болған Баласағұн қаласы-ау деп шамалауға болады. Өйткені Баласағұн қалашығы 90 жылдан аса қара қытайлардың астанасы болғаны тарихи шындық. Мұхамед Хайдар Дулати өзінің



тайпа аты, ал екіншісі «соғұн», «сағұн» болып, қарлық тайпасының көсемі атағын білдіреді. Қытайдың Хань жылнамаларында түркілер ғұндардың «со» (Сорхы) аталатын атақты тайпасының ұрпағы ретінде көрсетіледі. Сонда бұл лауазымын өзі «со» және «ғұн» деген екі түбірден құралды деуге негіз бар. Бұл жағдайда барлық түбірлерді қосқанда: «Бол-со-ғұн» құрылымы, ал генеологиялық тәртіппен орналастырсақ: «ғұн-со-боло» болып шығады. «Со» түбіріне семантикалық тұрғыдан көне сары ұйғырлардың Соқалық, Саоқозымен, хақастардың ақ сохы, көк сохы, хара сохысымен, ал қазақтың Арғын құрамындағы ақ сопы, қара сопы, тәнбі софы этнонимдері сәйкес келеді. Сонымен, бір сөзбен айтқанда, Баласағұн қарлықтардың басты бір – моғло, яғни болат тайпасының көсемі тұратын ордасы деп ұғыну керек», – деп тұжырымдайды.

Бұл ойға тарихшы-түркітанушы Асылжан Дулатидың да зерттеулері саяды. – Қала атауы екі негізден тұратыны айқын. Бұл атауды «Балауса және ғұн» деп алсақ та болады. «Балауса» сөзі – көне түріктің осы күнге дейін мағынасын жоғалтпай сақтап келе жатқан ежелгі сөзі. Ол «жас» дегенді білдіреді. Ал «ғұн» Орталық Азиядағы ежелгі ұлы тайпа-

шығысында жатқан барлық ел мен өлке түгелдей оған салық төлеп тұрды. Моғолдар Баласағұнды Қаралық деп атаған», – деп жазады Мұхамед Хайдар Дулати.

Көріп отырғанымыздай, Баласағұн қаласы орта ғасырда үлкен мәдени иеліктің ортасы болған. Оны көптеген тарихи жазба растауда. Енді осы Баласағұн қаласы атауының шығу тарихына келсек, көне қалашықты 30 жылдан аса зерттеген У.Шалекенов өзінің «Қазақ мәдениеті» атты кітабында былай дейді: «Қашқари еңбегінен Баласағұн қаласының этимологиясын анықтадық: «Сағұн»: Қарлұқ жұртының мықтыларына берілетін ат, лақап. Түрік тәуіптерін Ата сағұн дейді». Қаланың аты екі сөзден құралған. «Бала» деген түрік сөзі баршаға мәлім болса, «сағұн» – хакан, хан, князь. Олай болса, «Бала + хакан», «бала + князь», «бала + хан» болып, «Баласағұн» деген ұғымды құрайды. Яғни, «Балахан» немесе «Қарлұқ хаканының қаласы» деген ұғымды білдіреді», – деп өз ойын түйіндейді. Ал С.Сыздықов өзінің «Қарлық – Қарахан мемлекеті» атты монографиясында: «Ал осы қала атының әуелгі екі түбірі бары байқалады. Олар: «бала» және «сағұн». Этимологиялық талдауда: біріншісі – «боло» «було», яғни

лардың бірі екені белгілі. Сонда «Жас ғұн, яғни жас немесе балауса ханзада» дегенді білдіреді. Қалай болғанда да, бұл қаланы ғұндардың жас патшасы салдырғаны немесе билегені осы атаудан-ақ байқалады. Сонымен қатар «Бала сак ғұн» деп алсақ та болады. Сактың ұрпағы ғұннан шыққан бала патша дегенді білдіреді.

Қазір ғалымдар Баласағұн қаласы VI-XIII ғасырлар арасында дәуірлегенін айтады. Осы аталған жас хакан Баласағұнды да өз заманында салдырған болар?! Ал енді қаланың орналасқан орнына келсек, тағы да көне деректерге жүгінейік. М.Қашқари өз кітабында: «Арғу – екі таудың арасы. Тараз (Талас) бен Баласағұн арасындағы шаһарларды «Арғу» дейді. Өйткені ол жерлер екі тау арасында жатыр. Енді осы айтылған жерлерді анықтап көрейік. Баласағұн қаласының оңтүстік жағында Қырғыз Алатауы орналасқан, одан Шу өзеніне барып құятын Шарғау, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ атты өзендер шығады. Осы өзендердің Шуға құятын төменгі ағысындағы жері тегіс, құнарлы, суы мол және ауасы таза алқабында Баласағұн қаласы орналасқан. Ал солтүстік-шығысын Жайсан тауы қоршап жатыр. Осындағы екі тау арасындағы кең жазықтық, егістік жерлер, қазылған арықтар мен тоғандарды саралай келе қазіргі Баласағұн қаласының орнына сай келетінін анық көруге болады. Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи Рашиди» атты еңбегінде: «Моғолстандағы бірсыпыра қаланың аты беделді кітаптарда жазылған және ол қалалар турасында көптеген түсінік берген. Солардың бірі – «Баласағұн» деп ашып жазады. Ал Уахит Шалекеновтың «Қазақ өркениеті» кітабында: «Махмұд ибн Уали (1595) Иранның ортағасырлық белгілі мемлекет қайраткері, географ ғалымы Хамдаллаһ Мустауфи Казвиниге (1281-1349) сүйеніп отырып, Баласағұнда жұма намазын оқитын 40 мешіт, күнделікті намаз оқитын 200-ден астам мешіт, 20 ханақа және 10 медресе болған» деген деректерді алға тартады. Осыған қарап-ақ Баласағұнның орта ғасырда қандай ірі қала болғанын аңғару қиын емес, – дейді тарихшы-түркітанушы Асылжан Дулати.

Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының аға-ғылыми қызметкері, PhD доктор Ералы Ақымбекте Баласағұн қаласы туралы көп зерттеген. Оның айтуынша, Баласағұн қалашығы жер көлемі мен табылған жәдігерлердің саны жағынан еліміздегі ең құнды мұралардың бірі екен.

– Баласағұн қалашығына 2001 жылдан бері зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеміз. Ақтөбе қонысының жанындағы ежелгі қала үш бөліктен тұрады. Цитадель, шахристан және рабад. Аталған үш бөлікте қала мен әскер басшылары және шаруашылық аймақты қоныстанған қарапайым халық тұрған. Оның сыртынан екі қорғаныс қабырғасы өтеді. Ішкі қабырға 15 шақырым болса, сыртқысы 18 шақырымдай аумақты алып жатыр. Оған қоса, өзен жағында тағы да қосымша қабырғалар болған. Бір таңғаларлығы, Баласағұн қаншалықты ежелгі болғанымен, бұл жерге ауызсу қазірдей су құбырлары арқылы келген.

Мен мұнда келгеннен кейін араға алты жыл салып, қаланың сыртқы қақпа маңынан шарап жасайтын шеберхананы құмнан аршып шығардым. 2008 жылы IX-XI ғасырларға жататын бірнеше тұрғын-жай бөлмелерін таптық. Бір жылдан соң маған дейін де зерттелген мұнаның біз білмейтін қырлары анықтала бастады. Осыдан үш жыл бұрын сол мұнаның айналасынан бірнеше бөлме бой көрсетті. Ол XI ғасырдың басына жатады. Қазір оның іргетасы ғана сақталған. Іргетасының жерге көмілген бөлігінің өзі 2,5 метр болады. Ал 2015 жылы сол замандағы кірпіш күйіретін пеш табылды. Одан кейін қалашықтың сыртқы қорғаныс қабырғасының маңынан табылған керамикалық пеш те археологиялық қазба жұмыстарының жаңалығы болды. Бір сөзбен айтқанда, Баласағұн қаласын зерттеген сайын оның бізге беймәлім әлеміне еніп кете бересің, – дейді Ералы Шардарбекұлы.

Негізінде, Баласағұн қаласының орны жөнінде алғашқы пікірді 1938-1939 жылдары ресейлік ғалым Л. Бернштам Қырғызстандағы Токмак қаласының оңтүстік батысында орналасқан ортағасырлық Ақбешім қаласының орнына кішігірім қазба жұмыстарын жүргізіп, қолға түскен азғантай деректерге сүйеніп жариялаған болатын. Осы пікір ұшқынымен қырғыз ағайындар әлі күнге өйгілі Бурана мұнарасын Баласағұн орны деп жарияға жар салып жүр. Әрине, Баласағұн шаһары екені нақты дәйектер мен ғылыми тұжырымдар негізінде дәлелденіп жатса құба-құп. Алайда айыр калпақты ағайын Берштамның пікірінен басқа нақты тарихи дәлел келтіре алмауда. Ал Баласағұн қаласының орны Жамбыл облысы Шу ауданындағы Ақсу және Қарабалта өзендерінің аңғарындағы Ақтөбе қонысы екенін ел ғалымдарының зерттеуі ғана емес, тарихи жазбалар айғақтап тұр.

Қалай дегенде де, Баласағұн қаласына қатысты деректер әлі де зерттеу мен зерделеуді қажет ететіні анық. Ол енді болашақ ұрпақтың еншісіндегі дүние.

Жамбыл облысы





Қазіргі бала мектепте білім алады, тәрбиенің қайнар көзінен нәр татады, әлем азаматы болуға лайық қасиеттерді бойына сіңіреді. Ақ пен қараны, адалдықтың аражігін ажыратады. Мұғалім де, үйдегі ата-ана да балаға адал азамат тәрбиелеудің басты талаптарын ұмытпай, бойына сіңіріп, жақсы мінездің оқушы болуына үлкен үлес қосады. Баланың жан-жақты адал адам болып қалыптасуына Абайдың «бес асыл іс» қағидатының да тигізер пайдасы зор. Осынау бес асыл істі санасында жаттап өскен бала адал, әділ, білімпаз, еңбекқор болып өсері сөзсіз. Міне, Абайдың «Толық адам» ілімінен бастау алатын «Адал азамат» тұжырымдамасының түпкі мәні де осы.

#### ТҮРКІСТАН – ҮЗДІК ҮШТІК ҚАТАРЫНДА

Айта кетейік, Түркістан облысының білім саласында балалардың адал азамат болып қалыптасуына жағдай жасауға бірқатар оң өзгеріс, жақсы жаңалық көп. Былтырғы оқу жылын жақсы жетістіктермен аяқтағанын дәлелдейтін деректерге үнілсек, Түркістан облысы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы республикалық олимпиадаға қатысатын командалардың сапалық рейтингі бойынша үздік үштікке кірді. Жалпы есеппен Түркістан облысы 2-орынды иеленді. Ал жаратылыстану бағыты бойынша 4-орын алды. Қоғам-



#### ЖОЛ КАРТАСЫ АЯСЫНДА ЖҰМЫС ӨРБИДІ

Облыста білім саласындағы сапаны көтеру мақсатында Түркістан облысы әкімдігі мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бірлескен Түркістан облысының 2024-2029 жылдарға арналған білім беру жүйесін дамытудың өңірлік Жол картасы қабылданған. Сонымен қатар «Баршаға қолжетімді сапалы білім» ұлттық баяндамасын Түркістан облысында іске асырудың Жол картасы әзірленген. Басқарма басшысының міндетін атқарушы Түркістан облысының білім жүйесін дамыту 3 бағытта жүргізілетінін атап өтті. Олар – «Балабақша – жайлылық пен даму аумағы», «Әр мектеп – ең жақсы мектеп», «ТЖКБб (колледж) – жұмысшы кадрларды даярлаудың негізгі буыны». Бұл бағыттағы жұмыстарды саралар болсақ, балабақшада педагогтер мен тәрбиешілердің кәсіби дамуын тереңдету тәсілдерін өңірде 6 жетекші орталық пен 26 консультациялық пункт құрылып, өзге балабақшалармен тәжірибесін бөлісуде.

«Жалпылама емес, нақты мақсатты жұмыс жүргізу – бүгінгі мобилді қоғамның басты талабы. Осыны ескере жыл сайын оқу жылының соңында білім деңгейі ең төмен 100 мектепті электронды журнал арқылы анықтап, тек сол 100 білім беру ұйымына арналған мақсатты жұмыс жоспары әзірленеді. Тиісті қаржысы қаралып, әдістемелік және менеджменттік көмек ұйымдастырылады. Осы аталған жұмыстар алдағы уақытта өңірдің білім сапасына оң нәтиже беріледі деп сенеміз», – дейді Жандос Маханбетұлы.

Оқушыларға профориентация бағытында Bolashaq Халықаралық бағдарламалар орталығы акционерлік қоғамы және жоғарғы оқу орындарымен меморандум түзіліп, жүйелі кеңес беру менторлық жұмысы жолға қойылып отыр.



# САНАЛЫ ҰРПАҚҚА – САПАЛЫ БІЛІМ

Назгүл НАЗАРБЕК

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА АРНАҒАН ЖОЛДАУЫНДА «АДАЛ АЗАМАТ ЖӘНЕ ТҰҒЫРЛЫ ТҮЛҒА БОЛУДЫҢ НЕГІЗІ БАЛА КЕЗДЕН ҚАЛЫПТАСАДЫ» ДЕГЕН ОЙ АЙТТЫ. РАСЫНДА, АДАЛ АЗАМАТ ТУРАЛЫ ПІКІР-ПАЙЫМДЫ ӘР АДАМҒА БАЛА КЕЗДЕН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МІНДЕТ.



Биыл балабақшадағы 800 педагог, 2025 жылы 1000 педагог біліктілік курстарынан өтпек. Сонымен қатар балабақша жүйесі сатылай цифрлы жүйеге өтіп, сапа мен баланың келіп-кетуінің электронды қадағалау енгізіледі.

Балалар қауіпсіздігі де назардан тыс қалмады. Мектептерге 7 мыңнан астам бейнекамералар орнатылып, Полиция департаментінің жедел басқару орталығына қосылған. Мемлекеттік 938 (оның ішінде: 909 – мектеп; 25 – колледж; 4-балалар ауылы мен жасөспірімдер үйі) білім беру мекемелері 100% дабыл батырмасымен қамтылып, жедел басқару орталығына қосылған. «Кәсіби күзет қызметімен қамтамасыз етілуге тиіс бала саны 300-ден жоғары 573 білім беру ұйымдары толық

лицензияланған күзет қызметіне өтті. Облыстағы 179 білім беру ұйымының 102 шақырым қоршауы жаңғыртылды. Мектеп алды көшелерде жарықтандыру жүйелері мен арнайы жол белгілері орнатылды», – деп атап өтті Жандос Маханбетұлы.

Өңірдегі білім беру ұйымдарында жүргізіліп отырған инфрақұрылымдық жұмыстар да қарқынды. Былтыр өңірде 20 мектеп пайдалануға берілсе, биыл облыста 43 мектептің құрылысы жүргізіліп жатыр. Оның 29-ы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы арқылы болса, қор есебінен 14 білім ордасы бой көтеруде. Сондай-ақ биыл 100-ден астам оқу орнының ғимаратына биылғы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. 106 білім беру ұйымының жылыту жүйесі газға ауыстырылған.

Сонымен қатар «Жайлы мектеп» ұлттық пилоттық жобасына енген мектептердің директоры бос тұрған лауазымдарына директор тағайындау кезінде «Білім берудегі 1000 көшбасшы» кадр резервіне енген педагогтерді тағайындауға басымдық берілетін болады. Сондай-ақ осы мектептерде жұмыс істейтін 41 басшылық құрам мен педагог кадрлар Алматы қаласында орналасқан Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде және

атап өтер тұсы – орта білім беру жүйесі толықтай отандық электронды жүйеде жұмыс істеп, негізгі пәндер бойынша тегін 30 мыңнан аса интерактивті сабақтарға, түлектерге арналған 100 мыңға жуық тегін тесттерге қол жеткізіп отыр.

#### «БЕСТЕРЕК» ЖОБАСЫ ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙДЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

«Балаларға қатысты болатын суицидтік фактілерінің 64 пайызы ата-анаға, 20 пайызы психологиялық қысымдарға, 16 пайызы қарым-қатынастың бұзылуына байланысты болады. Қауіпті жағдайға ұшыраудың жолын кесу бағытында 2023 жылы «Бестерек» жобасы енгізіліп, оған облыстық бюджеттен 100 млн теңге қаржы бөлінді. 2024 жылы бұл бағытта екі жоба дайындалып, оған 111 млн теңге қаралды», – дейді Жандос Маханбетұлы бізбен әңгімесінде.

Олар: буллинг, кибербуллинг, деструктивті мінез-құлық, лудомания және көмексіз толмағандарға арналған отбасылық терапия бағыты; өгей әкелермен жұмыс, отбасы мүшелері үшін отбасылық терапия жобасы тағы бар.

Облыстағы бастауыш сыныпта оқитын 187 832 бала былтыр бір реттік ыстық тамақпен қамтамасыз етілді оған облыстық бюджеттен 6,2 млрд теңге қаржы қаралды. Қазір облыста 20 мектеп интернаттағы тамақтандыру мәселесі мемлекеттік-жекешілік әріптестік шеңберінде оң жолға қойып, асханалардың материалдық-техникалық базасы нығайды. Тамақ сапасы артып, оқушылар мен ата-аналар тарапы разылығын білдірді. Осы 20 интернаттың ата-аналары өз баласының күнделікті тамақтануын онлайн режимде қашықтан қадағалауға мүмкіндік алды. Бұл – үлкен жетістік. Қосымша тағы да мемлекеттік-жекешілік әріптестік жобасы арқылы 18 мектеп-интернаттың мәселесі шешілді.

Бұдан өзге қазір жаңа 2024-2025 оқу жылына облыс көлемінде МЖӘ аясында 58 жоба дайындалып, кәсіпкерлерге 10 жылға дейінгі мерзімде жалға беруге ұсыну жоспарлануда, бұл өз кезегінде өңірдегі асханасы жоқ 70 мектептің және 45 жаңғыртуды талап ететін мектеп асханаларын қоса алғандағы мәселенің шешімін табады деп күтілуде.

Облыс бойынша 180 елді мекенде 15 225 бала мектепке тасымалданады. «Балалар жылы» аясында Мемлекет басшысының тапсырмасымен облыс мектептеріне лизинг тәсілімен «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы 101 заманауи автобустар алынған.

Жаңа оқу жылында оқушылар тасымалы мемлекет теңгерімдегі 120 (оның ішінде: жаңа – 101, бұрынғы – 19 автобус) және мердігер фирма меншігіндегі 68 автобус арқылы ұйымдастырылған.

#### СТУДЕНТТЕРДІҢ САБАҚКА ҚАТЫСУЫН ҚАДАҒАЛАУ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН

Техникалық және кәсіптік білім беру (колледж) – жұмысшы кадрларды даярлаудың негізгі буыны. Облыста былтырғы жылы 50 колледжде 41 270 студент білім алды. 2023-2024 оқу жылына бөлінген 15 344 орын толық игерілді (мемлекеттік – 11 514, жекеменшік – 3 830). Студенттердің сабаққа қатысуы бойынша, мониторинг жұмысын автоматтандыру мақсатында басқармаға қарасты 25 мемлекеттік колледж өз қаржы есебінен білім алушылардың сабаққа қатысуларын қашықтан қадағалау үшін FACE ID ақпараттық жүйесі орнатылды. Нәтижесінде, 2024 жылды FACE ID ақпараттық жүйесі басқармамен интеграцияланып толық автоматтандырылды.

«Мамандық – болашақ» жобасы аясында, 2024-2025 жылдары еңбек нарығының сұранысына сәйкес 10 жаңа мамандық ашылмақ. Ол үшін өңірге қажетті жаңа кәсіптердің атласы қайта жасакталуда. Сонымен қатар колледждер үшін мемлекеттік тапсырыстар көлемі жыл сайын 10%-ға артағын болады. Оның ішінде жұмыс берушілердің жұмысқа орналастыруға кепілдік беретін мақсатты мемлекеттік тапсырыс орындарының саны артады. Өңірдің ерекшеліктеріне сәйкес ТЖКБб ұйымдарына микробіліктілік мамандықтарын ендіру қолға алынды.

Ал «Табысты колледж» жобасы аясында үздік колледждердің тәжірибесі менторлық жүйе арқылы тиісті колледждерге таратылып, әдістемелік көмек көрсетілімек.

Сонымен қатар халықаралық талаптарға сәйкес құзыретті орталықтар ашылмақ. Ол үшін колледждер шетелдік оқу орындармен келіссөздер жүргізіп, өз мамандарын Өзбекстан, Түркия, Оңтүстік Корея мемлекеттерінде арнайы оқытудан өткізсе, 2024-2025 жылдары колледж қызметкерлері Қытай, Түркия, Германия және АҚШ-қа іс-тәжірибе алмасуға жіберіледі. Сонымен қатар Қазақстандағы Германия елшілігімен бірге неміс тілін вариатив сағат есебінен пилотты оқытып, Германияның колледждерінде тегін білім алуға ортақ жоспарлар әзірленуде.

Сондай-ақ 2024-2025 жылдары облыстағы Д.Қонаев атындағы Аграрлық-техникалық және Кентау көпсалалы колледждерінің базасында шағын кәсіпкерлік субъектілерін ашу жоспары қабылданды. Студенттерге кәсіпкерлік дағдыларын үйрету мақсатында 4 колледждің базасында Business Startup орталықтары құрылуда.

Аталған игі істердің барлығы да болашағымыз саналатын балаларымыздың «тәрбие, еңбек, білім, қанағат, рақым» сынды қасиеттерді бойына сіңіріп, білім көкжиегін кеңейтіп, «Адал азамат» болып жетілуіне жасалып отырған мүмкіндіктер.

Елордада өтетін ауқымды спорттық жарыс V Дүниежүзілік көшпенділер ойынының басталуына үш аптаға жетер-жетпес уақыт қалды. Осы уақыт ішінде дүбірлі додаға дайындық қыза түскен. Өйткені Орталық Азиядағы көшпенді халықтың дәстүрлеріне негізделген этникалық спорт түрлерін айшықтайтын бірегей халықаралық спорттық шарада бас бәйгені жұлып алуға әркімнің-ақ таласы бар. Халықаралық сипатта өтетін бұл ойын этносport пен этномәдениеттің дамуына ықпал етіп, ұлттық ойындардың таныла түсуіне оң әсерін тигізетіні сөзсіз. Халықаралық спорттық сайысқа қазақстандық спортшылардың дайындығы қалай өтіп жатқаны туралы Көкпар федерациясының атқарушы директоры Аяз Жылқыбаймен сұхбаттасқан едік.



**Аяз ЖЫЛҚЫБАЕВ,**  
Көкпар федерациясының  
атқарушы директоры:

# ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАННЫҢ РУХЫ МЫҚТЫ

— Көбіне қай ойындарға басымдық берілген? Ойын бағдарламасына алғаш рет қосылған ойындарға қатысушылар қалай іріктеп алынды?

— Көшпенділер ойыны төрт жылда бір рет өткізіледі. Оған дейін ел ішінде аумақтық, республикалық, тіпті халықаралық деңгейдегі түрлі жарыс пен фестиваль өтеді. Міне, осындай ірі жарыстан оза шыққан жеңімпаздардың ойындағы қорытынды нәтижелеріне қарап іріктеп алынады. Олар мейлі командалық есеп бойынша, мейлі жеке есеп көрсеткіші бойынша болсын іріктеу кезеңінен өтеді.

— Көшпенділер ойынына аз күн қалды. Дайындық барысы қалай жүріп жатыр? Қазақстаннан қанша спортшы қатысады?

— Қазір бүкіл түркі елі көз тігіп, күтіп жүрген Көшпенділер ойынына қазақстандық спортшылардың дайындығы өте жоғары деңгейде өтіп жатыр. Қазақстан құрамасы екі командалық ойынға қызу дайындық үстінде десем болады. Біріншісі — көкпар, оған 12 ойыншы қатысады. Ал екіншісі көк бөрі деп аталады. Бұл ойынға да 12 ойыншы қатысып, жалпы додада 24 ойыншы өзге елдермен бәсекеге түсеміз. Аталған осы екі ойында да үздік нәтижеге қол жеткіземіз деп үміттенемін. Өйткені дәл осы көкпар мен көк бөрі ойындарына деген дайындығымыз ерекше өтуде. Осы тұста барлық мәселе шешімін толық тапты десем де болады: аттарды жабдықтау және ат үстінде жүретін азаматтар да. Әлемдік



Елімізде осындай жарыстардан үздік нәтиже көрсеткен спортшыларымызды жинап, қазір бір командаға топтастырып алдық. Міне, жуырда болатын Көшпенділер ойынына осылай жиналған тізімдегі қазақстандық қыз-жігіттеріміз қатысады.

Елордада өтетін Көшпенділер ойынына 86 мемлекет келеді деп күтіп отырмыз. Ойын бағдарламасы бойынша 20-ға жуық спорт түрінен



сайыс өтеді. Осының ішінде көпшіліктің басым назар аударып отырғаны — көкпар. Бәріміз білетіндей, көкпар — атадан ұрпаққа мирас болып қалған көне командалық ойындарымыздың бірі. Алыстан қарағанның өзінде әр адамды рухтандыратын ойындардың бірі. Көкпар Көшпенділер ойынында да, қазақ халқының тұрмыстық өмірінде маңызды қатарда тұр. Сондықтан

қазақтардың ғана емес, басқа көшпелі халықтың да назары ауып, басымдық беріп отыр.

— Бұдан бұрын өткен ойындарға қарағанда биылғы жылдың мүмкіндіктері қандай деп ойлайсыз?

— Байқайтынмы, елімізде жыл сайын көкпар ойыны қарқынды түрде дамып келе жатыр. Көкпаршылардың арасында ғана емес, халқымыздың басым бөлігінің атқа деген қызығушылығы, ат үстінде шабуға құлшынысы әлдеқайда артқан. Тек бұл ғана емес, басқа да ұлттық ойындарымыздың дамуына мүмкіндігінше көңіл бөлініп жатыр. Оның үстіне, биылғы дайындық былтырғыдан да айрықша екенін атап өткім келеді. Сондықтан жоғары деңгейдегі бәсекеміз көрерменнің көңілінен шығады деген ойдамын.

— Көшпенділер ойынында командалық, жеке есеп бойынша сығға түсетін қатысушылар бар ғой. Жүлде қоры барлық спорт түріне бірдей бөлінген бе?

— Көшпенділер ойынында жеңімпаз атанғандар үшін арнайы дайындаған ресми жүлде қорымыз бар. Бірінші орынға 10 млн теңге беріледі деп жоспарланған. Бірақ айта кетерлігі, дүбірлі додаға қолдау көрсетіп отырған демеушілер де бар. Әр ойынның қорытынды нәтижесі бойынша демеушілер аямай қолдауын білдіреді деген сенімдемін. Демеуші ретінде олардың жеке сыйақылары да бар. Өздерінің жүлде қоры

ойыншыға үлкен жүлде қоры қарастырылуда. Оны уақыты келгенде хабарлаймыз.

— Ойын аясында этноауыл құрылатын еді. Бұл үшін қай жер көзделген? Ол қандай «ауыл»?

— Иә, бұл қазақ халқының әдет-ғұрпының, тұрмыс-тіршілігінің иісі аңқып тұратын ауыл. Этноауыл Астана қаласының ипподромында құрылады. Шетелдіктерді қоса есептегенде, шамамен барлығы 2 мыңнан астам қатысушы келеді, одан бөлек өздерімен бірге жанкүйерлері де келуі айқын дүние. Сондықтан олар қазақтың иісі аңқып тұрған ауылда халқымыздың байырғыдан келе жатқан дәстүрлерімен, мәдениетімен толықтай таныса алады. Айта кетейін, бұл жерге еліміздің әр өңірінен киіз үйлер алынып, тігіліп жатыр. Үй маңында түрлі ұлттық әшекей бұйымдар, кәдесыйлар сататын орын да жасалады. Яғни, шетелдік қонақтар материалдық мәдениетіміздің түрлерін естелік ретінде өздерімен бірге алып кете алады.

— Көкпар мен көк бөрі ойындарына аса басымдық беріліп жатыр дедіңіз ғой. Ал осы ойындарда Қазақстан құрамасы үшін басты қарсылас ретінде қай елдерді айтар едіңіз?

— Жаңа айқандық, биылғы ойында көкпар мен көк бөріге қатты назар аударылып отыр ғой. Ал бұл ойын — қазаққа ғана тән емес, бүкіл көшпелілердің ұлттық ойыны. Солардың ішінде Өзбекстан, Қырғызстан халқында көкпар ерекше

сақталып, тарихи мәнін жоғалтпаған. Сондықтан осы екі ел Қазақстан үшін басты қарсыластың бірі деп айтар едім. Менің сөзімнен көбі келіседі деп те ойлаймын. Көкпар және көк бөрі ойыны бойынша сайысқа қатысатын спортшылар оқу-жаттығу жиындарын Алматы қаласында өткізді. Біздің көкпардан күтетін жеңісімізге сенімділік қандай болса, көк бөріден

де сондай болуы керек. Өйткені екі ойынға да дайындық бірдей деңгейде өтіп жатыр. Көкпар халық арасында жиі ойналатын ойынның қатарында, ал көк бөріден көптен бері жарыстар ұйымдастырылып, ойналған жоқ. Не де болса, жеңіс үшін қолдан келген барлық мүмкіндікті пайдаланамыз.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



деңгейде өтетін шараға көкпар бойынша 9 ел, көк бөрі ойынына 6 ел қатысады.

NUR MEDIA  
МЕДИАХОЛДИНГ

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —  
Амангелді ҚҰРМЕТ  
Гүлзина БЕКТАС —  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары  
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —  
Шығарушы редактор  
Еддар ҚАБА —  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТЛШШАЕР:  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —  
Ақмола облысы  
Алтынбай БУАЫРЖАНҚЫЗЫ —  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН —  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —  
Қарағанды облысы  
Назғу НАЗАРБЕК —  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —  
Қызылорда облысы  
Баян ЖАНУЗАҚ —  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін — 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін — 55102  
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БОЛІМЕ:  
8(701) 673-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aiqyn@gmail.com  
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛІМЕ:  
8(717) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді  
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Таратыны №4486  
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сізеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.